

Бөрлі ауданының әкімдігінің 2011 жылдың 18 сәуірдегі N 183 "Бөрлі ауданы бойынша жекелеген санаттағы азаматтар үшін жұмыс орнының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы N 1019 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 23 желтоқсанда N 7-3-119 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы N 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 16.02.2015 N 99 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылғы 18 сәуірдегі N 183 "Бөрлі ауданы бойынша жекелеген санаттағы азаматтар үшін жұмыс орнының квотасын белгілеу туралы" Бөрлі ауданының әкімдігінің қаулысына (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-3-111 тіркелді, 2011 жылғы 25 маусымда N 50 аудандық "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1. тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"1. Бөрлі ауданының келесі адамдары үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін:".

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Сидыққа жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Шакимов